

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

# **КОНВЕРСИЯЛЫҚ ТӘСІЛ БОЙЫНША СӨЗ ТУДЫРУ ЕРЕКШЕЛІГІ**

Орындаған: Кәлім.А.К.  
Қабылдаған: Қалиев Б.А

Қарағанды 2017

# Жоспар:

1. Конверсия тәсілі түсінігі
2. Конверсиялық тәсіл бойынша сөз тудыру ерекшеліктері
3. Синтаксистік эллипсис

## Мақсаты:

Сөзжасам жүйесіндегі конверсия тәсілінің заңдылықтары мен негізгі тәсілдерінің түсінігі мен ішкі құрылымына талдау жасау;

Конверсия тәсіліне жан-жақты түсінік беру арқылы студенттерге олардың ара жігін ажырата алатындай дәрежеде білім беру.

# Конверсия тәсілі

Жалпы тіл білімінде сөздердің бір лексика-грамматикалық категорияларға ауысуы “конверсия” (ағ. conversion-айналу) деп аталады да, ол сөзжасамның бір түрі ретінде танылады.

Конверсиялық тәсіл бойынша сөз тудыру, әсіресе, ағылшын тілінде кең қанат жайған. Конверсиялық тәсіл-ағылшын тілінің сөзжасам жүйесіндегі ең өнімді, актив тәсілі.

Конверсиялық тәсіл қоғамдық қажеттіліктен туып, ол белгілі бір дәрежеде қоғамдық-әлеуметтік өмірдің жаңа сөздерге деген сұранысын өтеп, қанағаттандырып отырады.

## Конверсиялық тәсіл

Егер бір сөз табынан екінші сөз табына ауысқан сөздің семантикасында өзгеріс болмаса, ол жаңа мағынаны иеленбесе, онда ондай сөз жаңа лексема болып танылмайды. Сондықтан кейбір ғалымдар сөзжасамның конверсиялық тәсілінде лексикалық факторды морфологиялық және синтаксистік амалдарға қарағанда жоғарғы орынға қояды. Орыс тіл білімінде, түркологияда кейінгі уақытта жарыққа шыққан бірсыпыра еңбектерде сөзжасамның бұл түрі **“лексика-грамматикалық тәсіл”** немесе **“конверсия бойынша сөз тудыру”** деп атала бастады. Конверсиялық амал бойынша сөз тудыру-лексикалық, морфологиялық және синтаксистік факторлардың жиынтығы болып табылады.

Конверсия  
бойынша  
сөз  
тудыру  
ерекшелік  
тері

Лексика-семантикалық тәсіл сөздердің функциясын өзгертіп, олардың басқа бір сөз табының мағынасын қабылдауынан және оның жаңа лексема ретінде сөздік құрамға енуімен ерекшеленеді.

Морфологиялық тәсілде жаңа сөз жасау сөздің түбіріне не негізіне сөз тудырғыш аффикстердің жалғануы арқылы жүзеге асады. Конверсиялық тәсіл бойынша сөз тудыруда морфо-қ.т сөздердің түрлену жүйесінің өзгеруінен, яғни белгілі бір сөз табындағы сөздің парадигмі өзгеріп, екінші бір сөз табының парадигміне ауысуынан көрінеді.

Синтаксистік тәсіл конверсияда сөздердің функциясының өзгеруінен, сөздердің тұрақталған позициясынан басқа функцияда жиі қолданыстарынан табылады.

## Ғалымдардың пікірі

М.Д. Степановтың пікірінше конверсия сөз тудырудың арнаулы бір жолы емес, ол тек грамматикалық құбылыс болып табылады.

Э.В.Севортян конверсияның қазіргі түркі тілдерінде ағылшын тіліндегідей сөз тудырушы рөлі жоқ екендігін айта келіп, оны түркі тілдерінің көне дәуірінде болған сикретизмнің лексика-морфо-қ көрінісі деп қарайды.

Е.А.Куриловичтің түсінуінше, сөз тудырудың морфо-қ-синтаксистік тәсілі (конверсия) морфо-қ және синтаксистік деривацияның нәтижесі.

## Лексика-грамматикалық омонимдер

-Тілдің грамматикалық жүйесінде тұлғалануы бірдей болғанымен, категориальды мәні мен грамматикалық сипаты әр түрлі сөз табына қатысты болып келетін лексика-грамм-қ омонимдер п.б

-Мысалы: 1.Жақсы (с.е), жақсы (үстеу).2.Бай (з.е), бай (с.е).3.Біреу (жинақтау сан есім), біреу (белгісіздік.е)

-Л.г омонимдер, біріншіден, сөзжасамның конверсиялық тәсілі арқылы, лексикалық омонимдер сөзжасамның лексика-семантикалық жолы арқылы п.б

-”Дәрі” деген лексикалық омонимдер (1.Дәрі-ауруды емдеу үшін пайдаланатын зат, 2. Дәрі-оқтың ішіндегі тұтандырғыш зат) белгілі бір сөз табындағы сөздің мағыналық жақтан дамып, жіктелуінен жасалған.



## Морфологиялық конверсия



-Морфологиялық конверсия процестері,сонымен бірге тілдің грамм-қ жүйесіндегі сiңісу,жылысу сықылды құбылыстармен де тығыз байланысты.

-Қазіргі қазақ тіліндегі “байырғы” сын есімдер тобына жататын қызыл,жасыл,сары, үлкен,кіші,ұзын,ұзақ және т.б негізгі сын есімдер тарихи тұрғыдан қарағанда,түбір мен қосымшаның бір-бірімен сiңісіп,жылысуынан қалыптасқан сөздер болып шығады.

Бұлардың тарихи тұрғыдан“туынды” сөздер екендігіне оларды өзімен түбірлес сөздермен салыстыру арқылы көз жеткізуге болады.

-Мысал, қызыл сын есімнің өзімен ұялас қызар,қызғыш,қызғалдақ сөздерімен салыстырсақ,қызыл сөзі түбір мен қосымшаға оңай ажыратылады.Сонда “қызыл”с.е әуел бастағы түбірі “қыз” морфемасы болып шығады да,ал, –ыл,-ын есім тудыратын аффикс қызметін атқарады.Сондай-ақ “сары” сөзін де сарғыш,сарғылттау,сарғаю, сарғалдақ сықылды мысалдармен салыстырып қарасақ,оның да түбір мен қосымшаға жіктелетінін көреміз:ортақ түбір: сар, ал –ы сын есім жасайтын қосымша.Тілдің дамуы барысында бұлар да бір-бірімен әбден кірігіп,ажырамастай болып сiңісіп кеткен.

## Синтаксистік эллипсис

-Тілдегі экономия құбылысы тілдің дыбыстық жүйесінде редукция мен элизия түрінде көрінсе, грамматикада ол сөз таптарының бір-біріне ауысуынан, сөйлемдердің эллипстенуінен танылады.

-Синтаксистік эллипс дегеніміз- “сөйлегенде не жазғанда түсінуге нұқсан келтірілмейтін сөздерді тастап кету”.

-Эллипстенген сөйлемдер, яғни сөйлем құрамында сөздердің түсіріліп айтылуы сөз таптарының бір-біріне ауысуына қолайлы жағдай туғызады. Мыс: сөйлем құрамында сын есімдермен тұрған зат есімдердің түсіріліп айтылуы.

-Зат есімдердің түсіріліп айтылуына мынадай жағдай себеп болуы мүмкін: 1. түсіріліп айтылатын зат не құбылыс туралы алдыңғы сөйлемде мәлімет берілгенде; (Артында екі қызы қалған екен: үлкені он жаста, кішісі бес жаста). 2. белгілі бір заттың не құбылысқа тән қасиетті, сапаны білдіретін атрибутивтер келгенде; (Соқырға таяқ ұстатқандай) т.б


-О.Есперсен кезінде эллипсис құбылысын прогресс теориясымен байланыстыра қарап, тілдегі кейбір сөздердің құрамында түсіріліп айтылуын тілдің дамуының белгісі деп атаған.

## Кілт сөздер

-Конверсия-жалпы тіл білімінде сөздердің бір лексика-грамматикалық категорияларға ауысуы “конверсия” ( ағ.conversion-айналу) деп аталады да,ол сөзжасамның бір түрі ретінде танылады.

-Лексика-семантикалық тәсіл сөздердің функциясын өзгертіп,олардың басқа бір сөз табының мағынасын қабылдауынан және оның жаңа лексема ретінде сөздік құрамға енуімен ерекшеленеді.

-Лексика-грамм-қ омонимдер-тілдің грамматикалық жүйесінде тұлғалануы бірдей болғанымен,категориальды мәні мен грамматикалық сипаты әр түрлі сөз табына қатысты болып келеді.



Идеялар  
ұсыну

1. Конверсия тәсілі жайлы жоғары сынып оқулықтарына енгізу
2. Тақырыпқа байланысты зерттеу жұмыстарының, оқулықтардың санын арттыру.

## Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сарбалаев Жақсыбай “Сөзжасам мәселелері” Алматы 2002 жыл

**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА  
РАҚМЕТ!!**